

"Астана қаласының шекарасын өзгерту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 16 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Астана қаласының шекарасын өзгерту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Астана қаласының шекарасын өзгерту туралы

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Астана қаласының шекарасы оның шегіне жалпы алаңы 8 719 гектар Ақмола облысының Целиноград ауданы жерінің бір бөлігін қоса отырып өзгертілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2017 жылғы
№ Жарлығына
қосымша

Астана қаласының шегіне қосылатын Ақмола облысы жерлері бөлігінің экспликациясы

га

Р/ с №	Ауданның атауы	Барлық жер	оның ішінде:				басқа жерлер
			ауыл шаруашылығы алқаптары				
			егістіктер	тыңайған жерлер	шабындықтар	жайылымдар	
1.	Целиноград:						
1.1	Астана халықаралық әуежайының учаскесіне іргелес, Астана қаласының оңтүстік-шығыс	7 300,0	1 470,9	305,0	4,9	3 007,0	

	шекарасы: Талапкер және Қабанбай батыр ауылдық округтері жерлерінің бір бөлігі					2 512,2	
1.2	Астана қаласының шекарасынан оңтүстік-батысқа қарай 13,2 километр, жолақ учаске арқылы: Қабанбай батыр ауылдық округі жерінің бір бөлігі	959,0	26,5	-	41,0	859,5	32,0
1.3	Астана қаласының солтүстік-батыс шекарасы, жолақ учаске арқылы, Астана-Көкшетау тас жолынан солға қарай 2 километр: Талапкер ауылдық округі жерінің бір бөлігі	460,0	-	403,7	0,4	45,2	10,7
	Барлығы:	8 719,0	1 497,4	708,7	46,3	3 416,9	3 049,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК